

ӘОЖ 808.5:35.07

Н.Теленбергенова,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институты Мемлекеттік және шет
тілдері кафедрасының профессоры, п. ф. к.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін сапалы оқыту әдістемелері қарастырылады. Автор мемлекеттік қызметке дейінгі тілдік білім беру мен мемлекеттік қызметшілерді оқытуды салыстыра отырып, соңғыларын сапалы оқытудың әдістемелері ұсынылады. Сонымен қатар мақалада мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігін арттыратын материалдарды оқыту жолдары көрсетілген.

Тірек сөздер: сапалы оқыту, әдістеме, тілдік құзыреттілік.

Аннотация

В статье рассматриваются современные методики качественного обучения государственному языку. Автор предлагает новые подходы к обучению, методические рекомендации по совершенствованию языковой компетенции государственного служащего.

Ключевые слова: качественное обучение, методика, языковая компетенция.

Abstract

The paper reviews modern methods of quality teaching of the official language. The author proposes new ways of teaching, guidelines to improve the linguistic competence of the civil servant.

Keywords: quality teaching, techniques, language competence.

Мемлекеттік қызметшінің әлеуеті, соның ішінде тілдік әлеуеті қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Адам жер бетінде пайда болғаннан бастап тіл арқылы жанындағылармен қарым-қатынасқа түскен. Өзінің тұрақты түрде өмір сүретін жерін толық игерген тұлға әлеуетін қалыптастыру барысында көршілес мемлекеттерді де зерттей бастайды. Аталған үрдіс көме құрылысы басталғаннан кейін жаппай көрініске ие болды. Мәселен, бүгінгі күні барлық Оңтүстік Америка португал және француз тілдерінде сөйлеп, инк, майя сияқты тұрғылықты халықтың жазбаша, ауызекі әлеуеті мен мәдениеті толығымен жоғалған. Ал солтүстік Америка ағылшын, Канада француз, Мексика испан тілдерінде сөйлеп, жазады. Осы ойды жалғастыра беруге болады. Бізді толғандыратын мәселе: нәліктен мемлекеттік қызметшілер тіл мәдениетінің мәселелері.

Бұл проблеманың әрбуін өткен ғасырдың 30 жылдарынан зерделеуге болады. Қазақ азаматтарын орыстандыру үрдісі ауылдарды колхоздар мен совхоздарға айналдырып, ҚазССР-дың территориясына Кавказ бен Волга жағалауының барлық аймақтарынан халықты көшіру барысында, бұрынғы ҚазССР-дің жеріне саяси және қылмыстық істері үшін бас бостандығынан айырылғандарға арналған Қарлағ, АЛЖИР сияқты ірі лагерлер мен жер аударылғандарға арналып салынған мекендерде өмір сүрген адамдармен жергілікті халықтың қарым-қатынасқа түсуінен, көп жағдайларда ортақ, түсінікті тілді қолдануларынан бастауын алады.

Аталған ауқымды өзгерістер қазақ тілінде сөйлеу мәдениетінің әлсіреуіне әкелген бірден-бір себеп болып, мемлекеттік тілдің беделін түсеретін негізгі факторлар болып табылады. Сонымен қатар, тарихи анықтамадан кен орындарына бай Қазақстанның территориясында Теміртау, Сатпаев, Лисаковск, Соколов-Сарыбай сияқты қалалардың пайда болуы, сол мекендерге орыс тілді мамандардың жаппай тартылуы да тіл мәдениетінің беделіне елеулі әсер етті.

Совет Өкіметінің съездері шешімімен Маңғышлақ (АЭС қаласы), Байқоңыр космодромы, бұрынғы Семей облысының территориясында Курчатова пен Чаган қалалары салынды. Аталған қалаларда орыс тілді оқу орындары, көптеген зерттеу институттары т.б. жұмыс істей бастады. Көрсетілген фактілер орыс тілі мәдениетінің кеңінен қолданылуын, ал мемлекеттік тілдің қолдану өрісінің төмендеуіне әкелді.

Қазақстандағы жаппай орыстандыру мәдениеті тың жерлерді игеру жылдарында жалғасын тапты. Коммунистік партияның бастамасымен, Қазақстанның тың жерлерін көтеруге РСФСР, Украина, Белоруссия республикаларынан жүз мыңдап халық көшіріліп, жаһандандыру үрдісі орыс тілінің беделін одан өрі көтеріп, қазақ тілінің қолданылуын жоққа шығара бастады. Ғылыми, мәдени, білім беру жаңалықтары орталықтан, яғни Мәскеуден орыс тілінде көпестіктен, қазақ халқы орыс тіліне жаппай бет бұрылды, қазақ мектептері жабылып, қалаларда орыс мектептерінің саны көбейді, жоғары оқу орындары орыс тілді мамандарды өзірлей бастады т.б. Тәуелсіздік алған жылдан бастап қана сөз мәдениеті мемлекеттің тіл ретінде қалыптастырыла бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлытауда берген сұхбатында, Нұр Отан партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселелерімен қатар үштілділікке, соның ішінде, мемлекеттік тілдің беделі мен тіл әлеуеттілігі мәселелеріне тоқталып өтті.

Халықаралық сарапшылар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінде жүргізіліп жатқан реформаларды жоғары бағалады. Мұның дәлелі ретінде, Дүниежүзілік банк Қазақстанды «аймақтағы көшбасшы» деп таныса, БҰҰ Астанада мемлекеттік қызметтің өзекті мәселелері бойынша жаһандық конференцияларды жиі өткізуді ұсынды.

БҰҰ Даму бағдарламасының Астанада мемлекеттік қызмет істері жөнінде өңірлік хаб ашу туралы бастамасына Мемлекет басшысы қолдау көрсетіп, Үкіметке арнайы тапсырма берілді. Еуропалық одақтың Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалау және жаңғырту жобасы жүзеге асуда. Осы мәселелердің барлығы мемлекеттің өзекті мәселелері болғандықтан, тіл мәдениетінсіз жүзеге аспайтыны белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына қарағанда мемлекеттік органдарда қазақ тілінде қызмет көрсету деңгейі жоғарылаған. Мысалы, Президент Әкімшілігі, Үкімет тарапынан БАҚ құралдарында пікір алмасу, көзқарасты білдіру ақпараттары – негізінен қазақ тілінде. Алайда барлық мемлекеттік қызметтегі мемлекеттің тілдің қолданысы өз деңгейінде емес, көбінесе мемлекеттік мекемелерде бұл үрдіс аударма арқылы жүзеге асуда, орыс тілінде жазылымды құрастырамыз, мемлекеттік тілге аударамыз, сөйлеу тілі дамымауда.

Патриоттық пен мемлекеттің тілі сияқты ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Қазақ ұлтының тілді білмеуінің тарихи себептері жоғарыда айтылды. Орталықтан, Мәскеуден басқарылып, орыс тілінде ғана іс қағаздары жүргізілген кеңестік жүйенің қазақ тіліне тигізген зияны баршамызға белгілі. Алайда лингвистика ғылымы қазақ тілін 6 айда толық меңгеруге болатынын дәлелдеді.

Елбасының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілді дамытудың бағыттары, соның ішінде, тіл мәдениетін ересек аудиторияның әлеуетіне айналдыру жолдары көрсетілген. Аталған бағдарламада тіл мәдениетін көпдеңгейлі стандарт арқылы тілді А1-А2 деңгейлері бойынша қарапайым түрде пайдалану, тілді В1-В2 деңгейлері бойынша өз бетінше пайдалану және тілді С1-С2 деңгейлері бойынша біліктілікпен пайдалану көзделіп, құрылған стандартты жүйенің негізінде мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамалық негізін дайындау көзделеді. Сонымен қатар, құжатта қазақ тілін бастауыш сыныптарындағы оқушылардың А1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың А2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының В1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігі жайлы айтылған.

Бір оқу жылында Мемлекеттік басқару академиясында 3500 мемлекеттік қызметші әртүрлі курстардан (қайта даярлау, біліктілікті арттыру, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқу) өтеді. Курстардан өтуге келген мемлекеттік қызметшілердің тілдік білімі компьютерлік тестілеу және сауалнамалар жүргізу бойынша тексеріледі. Мәселен, 2013–2014 жылы жүргізілген тестілік тексеру мен сауалнамалардың қорытындысына сүйенсек, А1-А2 деңгейлі тыңдаушылар 50 пайызды құрайтынын көреміз, көбінесе ол мемлекеттік қызметшілер орыс тілді аудиторияда білім алған. 11 жыл мектепте, 5 жыл жоғары оқу орнында қазақ тіліне қыруар сағат пен қаржы бөлінсе де, өкінішке орай жағдай осындай.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарында тілге сағат қарастырылмаған (балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орнында ауқымды сағат бөлінгені ескерілсе керек).

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы тіл саясатын жетілдіру, мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру, қазақ тілін зиялы ұлттың өлеуетіне айналдыру бағытындағы жұмыстардың тұрақты түрде жүргізілуін, оқу орнының стратегиялық жоспарында қарастырылуын, мерзімінде орындалуын тұрақты түрде бақылап отырады. Академияның мемлекеттік тілді жетілдіру жұмыстары Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Атқарылып жатқан жұмыстардың негізгілері: Академияның қазақ тілінен дәріс-тренинг жүргізетін профессор-оқытушы құрамы ресми стильді инновациялық оқытудың авторлық типтік бағдарламасын әзірледі. Әдістемелік-дидактикалық жағынан толық қамтамасыз етілген «Ресми – іскерлік қазақ тілі» типтік бағдарламасы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құжаттарды сауатты құрастырып, мемлекеттік қызметтің аналитикалық, сараптамалық жазбаларын әзірлеуді меңгертуге, тыңдаушыларға жоспар-құрылым, модель-үлгілер арқылы топ алдында баяндама жасаудың, сөз сөйлеудің әдіс-тәсілдерін игертеді. «Ресми – іскерлік қазақ тілі» типтік бағдарламасында 6 семинар қамтылған. Олар мыналар:

1. Ресми-іскерлік қазақ тілі және ресми тестке дайындық (тыңдалым, жазылым, оқылым, тілдесім);
2. Ресми жазылым және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу;
3. Құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу;
4. Персоналды басқару және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу;
5. Сөз мәдениеті және риторика;
6. Мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігі: пікірталас түрлері және әдіс-тәсілдері.

Енді қысқаша ғана әр семинардың мазмұнына тоқталып өткім келеді, мәселен, «Ресми-іскерлік қазақ тілі және ресми тестке дайындық (тыңдалым, жазылым, оқылым, тілдесім) – мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігін арттырып, тестілік тапсырмаларды орындау техникасын меңгертетін семинар.

Ал «Ресми жазылым және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» атты семинар – мемлекеттік қызметшілердің ресми стильде жазу біліктіліктерін авторлық технологиялар арқылы дамытуға арналған. «Құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» семинары тыңдаушының ресми стильде құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәнерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін семинар болса, «Персоналды басқару және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» – тыңдаушылардың персоналды басқару біліктілігін және тілдік құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинар.

«Сөз мәдениеті және риторика» – мемлекеттік тілді өлеуметтік қызметі мен рөліне сәйкес, орынды қолдана білуге, тілдік құзыреттілігін кәсіби шеберлігінің бір бөлігі ретінде жетілдіріп, кәсіби біліктілігімен ұштастыра отырып қолдануға септігін тигізсе, «Мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігі: пікірталас түрлері және әдіс-тәсілдері – тыңдаушылардың ойлау және сөйлеу жүйелерінің белсенділігін арттыратын инновациялық семинар.

«Ресми-іскерлік қазақ тілі» типтік бағдарламасы Академияның оқу үрдісінде 2008 жылдан көле жатқан инновациялық семинарлар. Магистратура, докторантура бағдарламаларында Ресми қазақ тілі/ Ресми жазылым пәндері игерілсе, Мемлекеттік қызметшілерге қосымша білім беру институтында «Ресми жазылым», «Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу», «Талдау жұмысы: түрлері, әдіс-тәсілдері», «Жария презентациялары: түрлері, әдіс-тәсілдері», «Мемлекеттік қызметшінің көпшілік алдында сөз сөйлеуі» сияқты курстар оқылады. Бұл пәндер мемлекеттік қызмет талабынан пайда болды. Институттың жүргізген сауалнамасы арқылы мемлекеттік органдар қажетті семинарларды талап етеді, мемлекеттік органның талабына тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыратын Академияның Мемлекеттік қызметшілерге қосымша білім беретін институты қазақ тілі оқытушыларынан аталған курстардың жүргізілуін сұрайды. Қазақ тілі оқытушылары талап етілген курстардың бағдарламасын құрастырып, үлестірмелі дидактикалық материалдар, кейс-стади, жағдаяттық материалдарды әзірлейді. 2011 жылдан бастап Қосымша білім беру институтының біліктілікті арттыру курстарындағы «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу», «Ресми жазылым» атты қашықтықтан оқыту курстары, 2014 жылдан қайта

даярлау курстарындағы «Сөз мәдениеті», «Талдау жұмысы: түрлері, әдіс-тәсілдері», «Жария презентациялары: түрлері, әдіс-тәсілдері» аталған ауқымды жұмыстардың нәтижелері деп санаймыз.

Аталып өткен семинарлардың барлығы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметтерінде тілдік озық технологияларды практикалық тұрғыдан кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні аталған семинарлар қашықтықтан оқыту бойынша да жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қызметшілер ересек аудиторияға жатады, мектеп-жоғары оқудың тілдік дайындығынан өткен, бүгінгі күні қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарының мемлекеттік қызметшілері әртүрлі гранттар арқылы, көбінесе «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып келген жастар, олардың көпшілігі шет мемлекеттерде әртүрлі әдістемелер арқылы бірнеше тілді игерген. Ал қазақ тілін жеткілікті деңгейде білмейді. Осы жерде тілді оқытуды ғылыми тұрғыдан «жетілдіру» мәселесі туындайды. Тілдерді оқыту ғылымында бірнеше жетік меңгерген тілдер арқылы басқа тілді үйрену әдістемесі терең зерттелген. Аталған ғылыми зерттеулер үйренушінің «қалыптасқан тілдік фундаментіне» меңгертілетін жаңа тілді қалыптастырады. Мемлекеттік қызметшінің орысша, ағылшынша білетін тілдік қоржынын қолданбай алып тастауға болмайды, себебі ол қор әртүрлі әдіс-тәсілдерді игеру арқылы жинақталды. Сондықтан да тыңдаушының бойында жинақталған әдіс-тәсілдер қазақ тілін меңгеру барысында қолданылуы тиіс. Осы жерде жазу мен сөйлеуді жетілдіруде тақырып бойынша ойды жоспар-құрылым арқылы реттеудің әдіс-тәсілдерін қолдануды айтып кеткен жөн.

Тіл мамандары экономист, заңгер, дипломат емес, алайда олар аталған салалардың мемлекеттік қызметшілеріне қажетті мәтін, баяндама, шолу, сараптамалық талдау жаздырады. Оқытушылар тренинг сабақтарында тақырып бойынша ойларын логикалық жағынан реттегіп, 15–30 сөйлемдік баяндама жасауға бағыттайды, жазып болғаннан кейін баяндамаларын өздеріне оқытып, аудиторияға дұрыс сұрақ қоюды үйретеді, баяндамашыға сұраққа нақты жауап беру жолдарын көрсетеді. Осылай сабақтан сабаққа қарай тыңдаушы тілдік білімін жетілдіреді.

Мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу тілі бойынша мынадай проблемаларды атап өтуге болады:

– Екпінді дұрыс қоймау, орфография бойынша оқу.

Аталған кемшіліктер фундаменталды түрде балабақша мен мектепте қалыптасады. Мәтінді оқуды орфоэпиялық нормаға сай оқыту (дауысты, дауыссыз дыбыстардың орфоэпиялық оқылымын меңгерту), мәтінді абзацтарға бөліп, әр абзацты бір сөйлеммен мазмұндауды игерту, мәтін бойынша көзқарасты білдіруге икемдеу т.б.

Мәтінді оқуға бағыттайтын жалпылама әдістемеден кету керек. Негізі, жалпылама сөйлеу, жалпылама оқыту ешқандай нәтиже бермейді. Бүгінгі күні орыс тілді жоғары білімді ересек адамдардан қазақ тілінде орфоэпиялық норма бойынша оқу жоқ дегенді естігенде қынжыласың. Олардың айтып тұрғандары дұрыс, өйткені қазақ тілінде оқытуды үйрететін мұғалімдер оқулықта қалай жазылса (орфографиялық норма бойынша), солай оқытады. Бұл дегеніміз – оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдерге ешқандай талап қойылмайды. Бір мақала төңірегінде оқыту стандарттарын саралауға мүмкіндіктің жоқтығынан, мұғалімдерге осы мәселеге жан-жақты назар аудару қажеттегін айтқымыз келеді.

Оқытудың тағы бір маңызды мәселесі – сөйлеу. Сөйлеу оқумен тығыз байланысты.

Академик М.С. Серғалиев ауызша сөйлеу тіліндегі дауыс мәнеріне баса назар аударумен бірге дұрыс сөйлеу ережелерін етоқталады. Бұл жөнінде ғалым: «Орфография мен орфоэпияның заңдылықтарын сақтау сауатты жазу және дұрыс сөйлеу мәдениеттілігінің көрінісі болып табылады», – дей келіп, көпшілік алдында сөз нормалары мен тұрмыстық қатынастағы сөйлеу тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, қалыпты межеден жөнсіз ауытқып кетпей, сауатты сөйлей білу тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды екенін ескертеді. Сондықтан дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар көрсететін, қазіргі қоғамымыз үшін аса қажет құралдың бірі орфоэпиялық сөздік құрастыру қажеттігі туралы және оның құрастырылу жолы жөнінде: «Радио мен теледикторларға, комментаторларға, жалпы эфир арқылы сөйлеушілерге арналған орфоэпиялық сөздік жасаудың кезі келді. Ондай сөздікті бір немесе екі автордың құрастыруы тіптен жеткіліксіз, өйткені мұндай сөздік қазақ сөздерін түгел қамтымаса да, басым көпшілігін жинауға тиіс; оның үстіне

жаңадан пайда болып жатқан сөздердің енгізілуі жөн; мыңдаған жер-су атаулары, ел, мемлекет аттары сөздіктен сырт қалмағаны жөн», – дейді [1, 5-6].

– Мемлекеттік қызметшінің ресми дикциясы, көпшілік алдында сөйлейтін сөзді дұрыс айту нормаларын меңгеруі, дискурс мәдениеті және дағдысы.

Анық, түсінікті айтылған дискурс және дұрыс қойылған дауыс тыңдаушы жаққа көрсетілген құрмет, басқа адамдарды өзіне тарту. Ол үшін тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын меңгеріп, сөйлеу кезінде денені бос ұстап, қысылмай, еркін тұрса, дұрыс демалса, сонда дыбыстар дұрыс жасалып, жақсы айтылады және естіледі.

Ең бастысы, мемлекеттік қызметшілер өз ісін, атқаратын қызметін жақсы білсе және өзі қызмет ететін саланың ерекшелігіне қарай өзіне де сондай талаптарды қоя білсе болғаны, өйткені мемлекеттік қызметшілер – ақпараттық-анықтамалық құжаттарды орындаушылар ғана емес, сонымен қатар мәдениеттілікті жеткізетін тұлғалар болуы тиіс.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан бері ауызша дискурстар өзінің қызметін өрістете түсуге мүмкіндік алып, соның нәтижесінде қазақ тілі тұрмыс аясында ғана емес, басқару орындарында, ғылыми мекемелер мен білім беру, оқу-тәрбие жүйесінде кеңінен қызмет ете бастағанмен, қазіргі кезде электронды бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тілінде берілетін хабарларында ауызша дискурстың айтылым мәдениеті аса жоғары деңгейде деуге болмайды, дискурсты дұрыс ырғақпен, үйлесіммен, үндесіммен дыбыстай алмайтын жайттар жиі кездесіп отырады. Біздің ойымызша, ауызша дискурс нормасының бұзылуы тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын ескермеуден туындап жатады. Фонетика үшін сөздің жазылуы емес, сөздің дыбысталуы, айтылуы, естілуі маңызды екені даусыз.

– Мемлекеттік қызметшілердің қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңдары, сингармонизм заңдылықтары деп аталатын табиғи гармонияны (үйлесімін) сақтамай бұзып айтуы;

– Сөйлеу кезінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрықша бөліп, я болмаса ұластыра қосып айту сәттерін біле бермеу;

– «Қос қанаттың сыңары» деп көлген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілі дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі;

– Әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық;

– Қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды жуандатып (айтөуыр, саулем, саулемсың) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтулары (мені сүйген бір әдем бар) т.т. [2, 16 б.].

Жоғарыда көрсетілген проблемалар бойынша мынадай әдістемелік ұсыныстар беріледі:

– Мемлекеттік қызметшілер көбінесе орфографиялық нормалар бойынша сөз сөйлейді. Осыдан барып ауызша айтылған мәтінде жазбаша заңдылықтар білініп тұрады. Бұдан кейбір адамдардың орфоэпиялық ережелерді қаншама жақсы біліп тұрса да, оның көз жадында сөздердің жазылған түрі мықты сақталып, сол қалпында айтуға бейімделу болатыны байқалады. Оның үстіне әрбір сөйлеуші аузынан шығатын сөзін тыңдаушыға неғұрлым анық, айқын, түсінікті етіп жеткізуге тырысады. Мұндайда әдеттегі ауызша сөйлеуге тән интуитивті автоматизмге, яғни сөздің дыбысталуының дұрыс-бұрысын ойламастан, сөйлеу дағдысы бойынша өзінен-өзі дұрыс шығуына (айтылуына) емес, керісінше, осылай айтсам, сөзім тыңдаушыға анығырақ, түсініктірек жетеді-ау деген ойға жол беріледі [3, 17-б.].

– Дауыстап оқи білу өз кезегінде кәсіби даярлықты қажет етеді. Өйткені «Дауыстап оқу – таза байланыс жасау, жазбадағы әрекетсіз, әсері аз ойлардың жандануы. Егер дауыстап оқуға ұқыпты дайындалмаса, әдетте, оқып беруші берілген ойды немесе оның тілдік көрнекілігін толық игере алмауы мүмкін».

– Дискурстың орфоэпиялық нормалары төменде берілген ережелер қатарынан тұрады. Өртүрлі сөзформалардың құрамында кездесетін бір морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен басқа дыбысқа өзгеруі дыбыс алмасуы деп аталады.

Тілдің ауызша формасында дыбыстар үндестік заңына сәйкес үнемі үйлесіп, жымдасып қолданылады. Егер дискурсты көпшілік алдында жеткізуде осы үндестік сақталмай, бұзылатын болса, мұның өзі сөздің айтылуы мен жазылуының арасын айыра алмауды көрсетеді. Өйткені жазу сөздің айтылуын дәл бере алмайды. Дауысты дыбыстардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуі ерін үндестігі деп аталады. Ерін үндестігі қазақ тілінің бірегей белгісі болып табылады. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарында да еріндіктер айтылуға тиіс.

Зерттеу жұмыстарында сөздің бірыңғай жуан немесе жіңішке, бірыңғай езулік немесе еріндік болып айтылуының фонологиялық мәні бар деп көрсетіледі. Сондықтан буын үндестігі қазақ тілінің негізгі орфоэпиялық нормаларының бірі болып табылады.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы төл сөздер үндестік заңына бағынады. Мәселен, сөз түбірі жуан / жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жуан / жіңішке болып келеді. Бірақ қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің барлығы қазақ тілінің заңдылығына бағынады деп айтуға болмайды. Мысалы, кірме сөздер ерін үндестігі заңдылықтарын сақтамайды.

Сонымен қатар дауыссыздардың бір-бірімен үйлестілігінің (ассимиляция) орфоэпиялық норма үшін ерекше мәні бар. Морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустикалық-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсауы, бейімделуі ассимиляция деп аталады. Дауыссыздардың бір-біріне ықпалы прогрессивті, регрессивті және тоғыспалы түрде қарастырылады. Мысалы, Сараптама жасаған мемлекеттік қызметші Астана қаласының биылғы қысқа дайындығы жайлы хабарлады. Қала басшылары жылу маусымына қажетті сұйық отынды мемлекеттік сатып алу бойынша толық әзірлеген. Қазір 5 000 тонна мазут қоймада сақтаулы. Жақын күндері тағы да 20 000 тонна сұйық отын жеткізіледі.

– **«Орфоэпия ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты.** Мемлекеттік қызметте шаршасыз (публичная речь) түрлерінің (театр, кино, радиотеледидар хабарлары т.б.) пайда болып, олардың әлеуметтік мәнінің артуы орфоэпиялық нормалардың орнығып, ұлттық сипатқа ие болуын жеделдете түсті. Алайда қатаң дыбыстарды «сындырып», «ұяндатып» айту нормасы соңғы жылдары, өсіресе, мемлекеттік қызметте өріп қуалай, сөз қалай жазылса, солай оқу дағдысымен байланысты бұзылып, «қатқылдата» дыбыстау жиі ұшырай бастады. Бұл жай орфоэпия тұрғысынан қазақ сөзінің өуезділігіне нұқсан келтіретін жағымсыз құбылыс, нормадан жөнсіз ауытқу болып табылады» [3, 48-б.].

– **Дискурс құрамында әртүрлі дыбыстық өзгерістер дыбыстық құбылыстар деп аталады.** Олардың бәрі де айтуды жеңілдетуден тұрады. Мәселен, тіліміздегі кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін, сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуын білдіретін протеза құбылысы қажет. Сол сияқты дискурс ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуын көрсететін эпентеза, бунақтағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуын білдіретін элизия және оған қарама-қарсы (қазақ тілінде сирек кездессе де) аферезис пен сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуында көрініс табатын метатеза және сөз ішінде біркөлкі (ұқсас) буындардың бірінің түсіп қалуынан көрінетін гаплогия құбылыстарының қыр-сырын білу керек. Мысалы: арластыр (а-ра-лас-тыр).

Дискурстағы сөздер сөйлеу кезінде тұтасып немесе жеке-жеке тұрмай, топ құрап, әрқайсысы өзіндік екпін, ырғақпен айтылатынын аңғаруға болады. Қазақ тілінде бунақтағы сөздердің жұбын жазбай, араларында қатар келген дыбыстарды үндестіріп, бір ырғақ, екпінмен айтудың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда дискурс құрамындағы сөздердің байланыс реті бұзылады да, тіл табиғи жарасымынан айрылады, құлаққа жағымсыз естіледі, бәрінен бұрын, айтылған ой көмескіленіп, тіпті, түсініксіз болып кетуі де қиын емес. Мысалы: Бүгін мемлекет басшысы // Ақордада // еліміздегі дипломатиялық корпус өкілдерімен кездесті. Бас қосуда Президент // Қазақстанның даму барысы мен // алдағы мақсат-міндеттеріне тоқталса, // елшіліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері // республикадағы жағдайға өз бағаларын берді.

Қазақ тіліндегі екпін көбінесе сөздің соңғы буынына қойылады. Дегенмен сөз аяғында келген қосымшаның барлығы бірдей екпінді қабылдай бермейтіні салыстырмалы

деректерден айқын көрінеді (-дай қосымшасы, көмектес септік жалғаулары, т.б.). Мысалы: Соңғы» көздері» іскер адамдарды» қала» инфрақұрылымының» даму» қарқыны» көбіре»к мазалайды еке»н. Кездесуде» «жылды»ң ең үзді»к кәсіпкері»» атағы»н жеңі»п алға»н адамда»р арнайы» мақтау қағазы»мен марапатталды».

– **Орфография мен орфоэпия бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені сауатсыз жазу мәтінді дұрыс оқуға және оны дұрыс қабылдауға кері әсерін тигізеді.** Ауызша сөйлеу тілінде ең маңыздысы – айтылған ойдың мағынасын түсіну, ал сөздерді дұрыс айтпау бұған кедергі келтіреді. Сіз қаншама біліктілікті, жан-жақты және ақылды болғаныңызбен, егер сөздерді дұрыс айтпай, екпінді қате қойсаңыз, бір сөзбен айтқанда, акцентпен сөйлесеңіз, онда сіз өз ойыңызды жеткізуде қойылған мақсатқа жеткен жоқсыз. «Акцент (лат. accentus, нем. akzent – екпін) әртүрлі екі тілдің әдеби жүйесінің тоғысуынан пайда болады. Мысалы, қазақ тіліндегі «қ» дыбысының «к» (қаз – каз, қар – кар), «ұ», «ү» дыбысының «у» (үй – уй, үш – уш) болып дыбысталуы «орыс акценті» деп аталады. Акцент диалектілік сөйлеудің әсерінен әдеби тіл жүйесінің бұзылуына да әкеп соғады (шана – чана, шалғы – чалғы)» [4, 49-б.].

– **Әдеби тілдің ауызша орфоэпиялық нормаларынан жөнсіз ауытқулар, ең алдымен, сөз қалай жазылса, солай дыбыстаудан, жазу жүйесі мен ауызша сөз жүйесінің өзді-өзіне тән ерекшеліктеріне мән бермеуден туындап жатады.** Сондықтан дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар көрсететін құралдың бірі – орфоэпиялық сөздік қазіргі қоғамымыз үшін аса қажет. Бір ізге түскен арнаулы ережелер мен орфоэпиялық сөздіктер жазылу мен айтылудың арасындағы айырмашылықты айқындап, сөздердің ауызша дыбысталу нормасын көрсетіп, оларды жөнге салып отырады. Дегенмен «адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді, негізінен, жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын теледидар үнінің орны айрықша» [5, 15-б.].

Мемлекеттік қызметшінің көпшілік алдында сөз нормалары мен тұрмыстық қатынастағы дискурстық тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, сауатты сөйлей білу де тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды. Бұл ретте сөзді дұрыс айту нормалары мен орфоэпиялық ережелерді қамтыған Р.Сыздықтың «Сөз сазы» еңбегін атап айтуға болады. Аталған еңбекте қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің әдеби нормаға сөйкес айтылу үлгілері мүмкіндігінше толық қамтылған. Сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің интонациялық безендірілу үлгілері берілген. Жаңа сападағы орфоэпиялық сөздіктер қазақ тіл білімінің фонетика, интонология, сөз мәдениеті салалары бойынша жүргізілген соңғы зерттеу нәтижелерінің негізінде жасалған.

Сонымен, сөз табиғи естілу үшін, дыбыс түрленімінің барлығын сақтап сөйлеу керек. Дыбыс түрленімін тудыратын себептердің қатарына дыбыстың сөз бен сөз тіркесіндегі орны, көрші дыбыстың әсері, логика-экспрессив үстемелер және өуен жатады. «Анықтықты дикторлар, негізінен, сөйлеу техникасын жетілдіру мен сөз логикасына көңіл қою амалдары арқылы қамтамасыз етсе, әсемдік пен әсерлілік, негізінен, сөзді дұрыс әрі көркемдеп айту арқылы жүзеге асырылады. Дыбыстар әуезін (гармониясын) сақтау – сахна сөзі мен радио, теледидар сөздеріне мамандық тұрғыдан қойылатын талаптардың бірі» [2, 15-б.].

Дауыстың динамикалық диапазоны; дыбыстың тасымалдануы; дауыс ырғағындағы икемділік, шапшаңдық; дауыстың шарықтауы кәсіби дауысқа тән негізгі сапалық белгілер болса, «интонация сөзге рең береді, ал сөздің дұрыс құрылуы интонациялық мүмкіндіктерге жол ашады» [2, 62-б.].

Жалпы, мемлекеттік қызметші тілінде қолданылатын дискурстың екі тәсілінің оқуға негізделген түрінде ауызша қызметі айқын байқалады, ал айтуға негізделген түрінде арнаулы ақпарат жасаушы мемлекеттік қызметші қызметі анық көрінеді. Мұндайда оқылым барысында кітаби-жазба тілдің кез келген үлгісі қолданыла беруі мүмкін, ал айтылым кезінде дискурстық сөйлеу тілі стилінің кез келген үлгісі пайдаланыла беруі мүмкін. Мемлекеттік қызметші ресми сөйлесімде ақпараттарды «байыпты», «байсалды», «салқынқанды» интонациялық мәнмен баяндайды. Мәтін интонациясын дұрыс қою және мәтінді дұрыс оқу немесе сөзді дұрыс айту ережесі мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Сондықтан мемлекеттік қызметшіні оқытуда ресми сөйлеу мен жазуға ерекше назар аудару қажет.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: мемлекеттік қызметшінің тіл мәдениеті күнделікті әдістемелік жұмысты талап ететін күрделі мәселе. Ересек аудиторияға жататын мемлекеттік қызметшілерге арналған тілдік материалдар қажеттілікпен байланысып жатқанда ғана әлеуетті көтеруге жұмсалады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Серғалиев М.С. Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар // Халық кеңесі, 1994. – 5 наурыз.
- 2 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы.- Астана. 2000. – 526 б.
- 3 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филолог. ғыл. док. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- 4 Сыздық Р. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы. 2001.
- 5 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б

Дата поступления статьи в редакцию 27.04.2015